



ТАРИХ

1. Б.з. I ғасырында рим легиондары мен герман тайпалары арасында Тевтобург орманында шайқас болды. Оның қаншалықты маңызы болды?
 А) Германдықтардың Галлияға басып кіруіне жол бермеді
 В) Римдіктер Рейннен Эльбаға дейін қоныстанған герман тайпаларын бағындырды
 С) Римдіктердің Германияға тереңдей еңе түсуі тоқтатылды
2. Аңыз бойынша, бұл құстың атымен Габсбургтер династиясының ата-бабасынан мұра болып келе жатқан қамалының аты аталған.
 А) Қаршыға В) Сұңқар С) Аққу
3. Бұл тайпаның атымен қазіргі заманғы Германиядағы жерлердің бірінің аты аталған.
 А) Свевтер В) Тюрингтер С) Бургундтар
4. Алғашқы тәуелсіз герман мемлекеті қандай оқиға нәтижесінде пайда болды деп есептелінеді?
 А) Батыс Рим империясының күйреуі
 В) Ұлы I Карл империясының бөлінуі
 С) Франк корольдігінің ыдырауы
5. Басында герцогтық, кейіннен корольдік атанған Пруссия атауы неден шықты?
 А) Император Августтың ағасы Прустың атынан
 В) прустар тайпасынан
 С) Пруссияның бірінші герцогының атынан
6. Қай ресей патшайымының әкесі прусс фельдмаршалы болған?
 А) II Екатерина В) I Екатерина С) Анна Иоанновна
7. Көп нұсқалардың бірінде айтылғандай, Германия астанасының атауы осы жануармен байланысты екен.
 А) Құндыз В) Аю С) Борсық
8. 1805жылы Наполеон Ресей мен Австрияның одақтас әскерін қай жерде болған шайқаста жеңді?
 А) Ульмо В) Ватерлоо С) Аустерлиц
9. «Темір канцлер» атанған мемлекеттік қайраткер кім?
 А) О.фон Бисмарк В) Б.фон Булов С) К.фон Меттерних
10. Елді 99 күн билеген Германия императоры кім?
 А) II Вильгельм В) III Фридрих С) I Вильгельм
11. Вестфальск бейбіт келісіміне қол қою ненің аяқталғандығын білдірді?
 А) Бірінші дүниежүзілік соғыстың
 В) Екінші дүниежүзілік соғыстың
 С) Отыз жылдық соғыстың
12. Құрамында Германия, Австро-Венгрия және Италия болған XIX ғасырдың аяғында құрылған әскери-саяси бірлестік.
 А) Антанта В) Қасиетті одақ С) Үштік одақ
13. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына сылтау болған оқиға.
 А) Неміс әскерлерінің Ресейге қарсы тұтқиылдан шабуыл жасауы
 В) Эрцгерцог Франц Фердинандтың өлтірілуі
 С) Антантаның ыдырауы
14. Б.з.д. II ғасырда гректердің варвар тайпаларын жеңу құрметіне салынған атақты Пергам алтарін тапқан неміс археологы.
 А) Г.Шлиман В) К.Хуман С) В.Дерпфельд
15. 1847 жылы Ресей азаматтығын алған атақты неміс археологы кім?
 А) Г.Шлиман В) К.Хуман С) В.Дерпфельд

ӘДЕБИЕТ

16. Ағайынды Гриммдердің ертегісіндегі бремен музыканттарының саны не-

шеу?

- А) Төрт В) Бес С) Алты
17. Ағайынды Гриммдердің «Бұрқасын ханшайым» ертегісіндегі өгей қыз күн сайын қандай жұмыс істеуі тиіс еді?
 А) Үйдің ішін жинау В) Таңғы ас дайындау С) Тоқыма тоқу
18. Ағайынды Гриммдердің ертегісінде Дроздобород патша патшайымның алдында қандай кейіпте көрінді?
 А) Атақты князь В) Кедей музыкант С) Қарапайым ақсүйек
19. Ағайынды Гриммдердің «Үш бақытты жігіт» ертегісіндегі шаруа өз ұлдарына қандай жануарларды мұра етіп қалдырды?
 А) Жылқы, шошқа В) Есек, ит С) Әтеш, мысық
20. Ағайынды Гриммдердің «Ержүрек тігінші» ертегісінде патша тігіншіге қандай ғажайып жануарды ұстап әкелуді бұйырды?
 А) Жалғыз мүйізді аң В) Айдаһар С) Кентавр
21. Ағайынды Гриммдердің қай ертегісінде басты кейіпкерлердің бірі наубайханашыдан аяғына қамыр жағып беруді өтінді?
 А) «Рапунцель» В) «Бақа-патша» С) «Қасқыр мен жеті лақ»
22. Барон Мюнхгаузеннің айтуынша, басына ағаш өсіп шыққан жануар.
 А) Бұғы В) Қасқыр С) Жылқы
23. Барон Мюнхгаузеннің айтқан әңгімелерінде ол ми батпақтан қалай шыққан?
 А) Жіппен В) Оны ат алып шыққан
 С) Ол өзін-өзі шашынан тартып алып шыққан
24. Неміс ертегілеріндегі қай кейіпкер сиқырлы аяқ киімнің арқасында патшаның жеке желаяғы болды?
 А) Ләйлек-халиф В) Барон Мюнхгаузен С) Кішкентай Мук
25. В.Гауфтың «Ләйлек-халиф» ертегісінде ләйлекке айналған халиф пен өзiрге адам кейiпiне оралу үшiн кiм көмектесті?
 А) Жапалақ В) Тасбақа С) Кесiртке
26. Бұғының баласы Бэмби туралы атақты балалар ертегісін жазған жазушы кім?
 А) Р.-Э.Распе В) Ағайынды Гримм С) Ф.Зальтен
27. В.Гауфтың ертегісіндегі Тәмліш мұрын (Кролик нос) қай іспен жетістікке жетті?
 А) Бағбандық В) Аспаздық С) Балықшылық
28. Э.Т.А.Гофманның ертегісінде Мари Шақпақшыны (Щелкунчикті) қорғау үшін тышқандарға не лақтырды?
 А) Кітап В) Шырағдан С) Аяқ киім
29. И.В.Гётенің поэмасында басты кейіпкер болған француз эпосының қаһарманы.
 А) Роланд В) Рейнеке-Лис С) Орман патшасы
30. Тәмліш мұрынның (Кролик нос) сиқырының күшін жоятын шөп қандай ағаштың астында өсті?
 А) Емен В) Талшын С) Шырша

КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТ

31. «Фигароның үйлену тойы», «Дон Жуан», «Сиқырлы флейта» операларының авторы, атақты австриялық композитор В.А.Моцарт дүниеге келген қала.
 А) Зальцбург В) Вена С) Линц

32. Швейцариядағы ресми тіл

- А) Испан В) Ағылшын С) Италия

33. Мәскеу мұражайларының бірінде құтырған тон, көзден шыққан ұшқыннан атылатын тапанша және дыбыстар алғашында қатып қалатын, сосын барып еритін мүйіз сияқты жәдігерлер бар. Бұлар қандай әдеби кейіпкерге арналған?
 А) Шерлок Холмс В) Пиноккио С) Барон Мюнхгаузен

34. Л.ван Бетховен «Оның аты бұлақ емес, теңіз болу керек еді» деп, кім туралы айтқан?
 А) В.А.Моцарт В) Й.Гайдн С) И.С.Бах

35. Бұл композитор есту қабілетінен толықтай айрылса да, әлемге танымал музыкалық туындыларды өмірге әкелген.
 А) Ф.Мендельсон В) В.А.Моцарт С) Л.ван Бетховен

36. Аңызда айтылғандай, рождество шыршасын үйге әкеліп, оны безендіруге ой салған кім?
 А) Э.Т.А.Гофман В) М.Лютер С) Я.Гримм

37. Швангау графтарының гербінде қандай құс бейнеленген, сонымен қатар бұл құс Нойшванштайн қамалын көркемдеп безендіруде жетекші мөнге ие.
 А) Шағала В) Бүркіт С) Аққу

38. Дирижабльдің ерекше үлгісін жасап шығарған неміс ақсүйегі кім? Кейіннен мұндай құрылғыларды соның атымен атайтын болды.
 А) Ф.Цеппелин В) И.Этрих С) Х.Юнкерс

39. Неміс өнертапқышы И.Гутенберг нені ойлап шығарған?
 А) Баспа станогын В) Бу двигателін С) Гидравликалық прессті

40. Ескі атауы «кіші қала» дегенді білдіретін еуропалық қала.
 А) Люксембург В) Гамбург С) Аусбург

41. Әр жыл сайын 1 қаңтарда дүниежүзі естітін Вена филармониялық оркестрінің «Жаңажылдық концерті» ойналатын зал.
 А) Күміс зал В) Алтын зал
 С) Янтарь зал



41

42. 1898 жылы Шайтан көпірдің жанында Альпі тауларының Швейцариядағы бөлігінде ашылған ескерткіш қандай орыс қолбасшысы мен оның әскеріне арналған?
 А) А.Румянцев
 В) М.Кутузов
 С) А.Суворов



42

43. Вавилонда қазба жұмыстарын жүргізген кезде табылған Иштар қақпасы қай мұражайға қойылған?
 А) Неміс тарихи мұражайы
 В) Берлин сурет галереясы
 С) Пергам мұражайы



43

44. ХУІІІ ғасырда Австрияның қай қаласында Мирабель саябағын ергежейлілердің қызықты мүсіндерімен безендірген?
 А) Зальцбург
 В) Инсбрук
 С) Грац



44





45. Немістің Гиссен қаласында орналасқан бұл мұражайға барсаң, алып сабын көпіршігін көріп, ішіне кіре аласың, айынадағы қиял әлемімен таныса аласың, сондай-ақ барлық жәдігерлерді қолыңмен ұстап көре аласың. Бұл қандай мұражай?

- A) Ойыншықтар мұражайы
B) Обергессен мұражайы
C) Математикум

45



ҚАЛАЛАР МЕН ҚАМАЛДАР

46. Еуропа құрлығының қаржы орталығы болып табылатын қала.

- A) Кельн
B) Бремен
C) Франкфурт-на-Майне

46



47. 1970 жылы М.Шагал інжілдегі оқиғалар желісімен шыныдан құрастырылған 5 сурет салып берген шіркеу қай қалада орналасқан?

- A) Люксембург
B) Вена
C) Цюрих

47



48. Ұлы неміс композиторы И.С.Бах Әулие Фома шіркеуінде 25 жылдан артық уақыт қандай қалада жұмыс істеді?

- A) Веймар
B) Лейпциг
C) Берлин

48



49. Аңызға сөйкес, атауы император Маттиас аңға шыққан кезде тапқан мөлдір суы бар бұлақпен байланысты сарай қайсысы?

- A) Нимфенбург
B) Шёнбрунн
C) Сан-Суци

49



50. Бұл қала ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар аралығында неміс Ағарту ісінің орталығы болған, ал ондағы Опера театры алдында И.В.Гёте мен Ф.Шиллерге ескерткіш орнатылған. Бұл қай қала?

- A) Гамбург
B) Веймар
C) Берлин

50



51. Алдында II Фридрихтің жеке резиденциясы болған, ал 1991 жылдан оның жерленген орны болып табылатын сарай.

- A) Цициленхоф
B) Сан-Суци
C) Райнсберг

51



52. 30-дан артық үй орналасқан көше-көпір қай қалада?

- A) Эрфурт
B) Гамбург
C) Франкфурт-на-Майне

52



53. Қазіргі кезде бұл қамал жыл сайын миллионнан астам саяхатшылар келіп тамашалайтын мұражайға айналған.

- A) Берг
B) Левенбург
C) Нойшванштайн

53



54. Бұл қамалда арнайы механизмнің арқасында ас үйдегі үстел асханаға тамағы жасалған күйінде көтеріліп, түскі асты қызметшілердің көмегісіз-ақ ішуге мүмкіндік берген. Бұл қандай қамал?

- A) Херренкимзее
B) Нойшванштайн
C) Линдерхоф

54



55. Әлемдегі ең биік готикалық собор қай қалада орналасқан?

- A) Любек
B) Ульм
C) Кельн

55



56. Ежелгі римдіктер салған антикалық қақпа осы қаланың басты көрікті орындарының біріне айналған. Бұл қай қала?

- A) Мюнхен
B) Трир
C) Любек

56



57. Германия тарихы мен мәдениетіндегі көрнекті тұлғаларға арналған Атақ Залы – Вальхалла қандай қаладан бірнеше шақырым жерде орналасқан?

- A) Кельн
B) Гамбург
C) Регенсбург

57



58. Қызыл Телпектің, Етік киген мысықтың жөне Ұйқыдағы арудың суреттерімен безендірілген архитектуралық ансамбль қай қалада?

- A) Берлин
B) Зальцбург
C) Франкфурт-на-Майне

58



59. Үлкендіктері шын өмірдегі көлеміндей, ақ фарфордан жасалған жануарлар мен құстардың мүсіндерімен безендірілген, барокко стиліндегі архитектуралық ансамбль қай қалада?

- A) Мюнхен
B) Берлин
C) Дрезден

59



60. Нәготикалық стильдегі ратуша осы қаладағы басты көрікті орындардың бірі болып табылады. Бұл қай қала?

- A) Кельн
B) Бонн
C) Мюнхен

60



ЗОЛОТОЕ РУНО

3-4 СЫНЫПТАР

РАХ GERMANICA:
«НЕМІС БОЛМЫСЫНЫҢ БІРЛІГІ»

15-18 АҚПАН 2013



2013 жылғы «Алтын жабағы» ойын сайысы неміс тілді халықтардың тарихы мен мәдениетіне арналды. Сайыс тапсырмалары тақырыптық бөліктерге бөлінген 60 сұрақтан тұрады. Сұраққа жауап беру үшін ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдау қажет.

Жауапты таңдау үшін жауаптар бланкінде таңдап алынған нұсқаның тұсына белгі қою қажет. Жауапсыз қалдырылған сұрақ дұрыс емес деп есептеледі.

Жауаптар бланкін толтырғанда мұқият әрі ұқыпты болыңыз. Олар компьютерге салынып өңделетіндігін естен шығармаңыз, сондықтан қандай да бір түзетулер мен жөндеулер ақпаратты бұрмалау болып табылады.

Толтыру үлгілері бланктерде берілген.

Сайыс туралы ақпарат www.runodog.ru сайтында жарияланған. Дұрыс жауаптары 2013 жылдың наурыз айында жарияланады.

Сәттілік тілейміз!

